

«БЕКІТЕМІН»  
Нұр-Сұлтан қаласы  
Әкімдігінің МКҚК  
коледж» директоры  
А.Б.Курманкулов  
2021 ж.



**Нұр-Сұлтан қаласы МКҚК «Техникалық коледж»  
2021-2022 оқу жылына  
техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын  
іске асыратын оқуға қабылдау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің МКҚК «Техникалық коледж» (бұдан әрі – Колледж) 2021-2022 оқу жылына техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Ереже) оқуға қабылдау тәртібін айқындастын «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасы және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары» бұйрығына сәйкес әзірленді және Колледжге оқуға қабылдау тәртібін белгілейді.

2. Колледжге негізгі орта, жалпы орта, білімнен кейінгі Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы күжатымен (куәлік, аттестат) білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

3. Колледжге оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 акпандығы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген:

3.1) I, II топтардағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін -1 пайыз;

3.2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін - 0,5 пайыз;

3.3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындастын

мамандықтар бойынша ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін - 30 пайыз;

3.4.) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлтты қазақ адамдар үшін - 4 пайыз;

3.5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығының қалған балалар, сондай-ақ көмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін -1 пайыз;

3.6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін -10 пайыз.

## **2 -тарау. Нұр-Сұлтан қаласы МКҚК «Техникалық колледж» техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқуға қабылдау тәртібі**

4. Колледже тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, әнгімелесуді өткізу, білім алушылар құрамына қабылдау үшін басшының бүйрекімен 10 маусымнан кешіктірмей тақ саннан тұратын қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясы мен техникалық хатшылар жұмысына жалпы басшылық ету жауапты хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, кеңес (консультация) жүргізеді.

5. Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба Колледж мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

6. Каратин жағдайларында қабылдау комиссиясының жұмысын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жүргізеді.

7. Оқуға түсушілерді мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) бойынша Колледже білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бүйрекімен бекітілген, беру тапсырысын орналастыру Қағидаларына сәйкес өтініштері бойынша Колледждің жобалық мүмкіндігін ескере отырып, жүзеге асырылады.

8. Тұлғалардың Колледже оқуға өтініштерін қабылдау:

1) мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында, жалпы орта күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында, жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Колледж (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) не «электрондық үкімет» веб-порталына (бұдан әрі - портал) жүгінеді.

10. Оқуға тұсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

11. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» көрсетіледі.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

13. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер оқыту нысандары бойынша Колледждің тіркеу журналдарына тіркеледі.

14. Оқуға түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

15. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

16. Оқуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен кезде оқуға қабылдау орташа конкурснық балл, негізінде жүзеге асырылады.

17. Оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға растайтын құжаттар қабылдау комиссиясына тиісті құжатты күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін ұсынады.

18. Құжаттардың тізбесі:

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 4) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама.

19. Колледж қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 25 маусымынан бастап білім беру үйіміның сайтында орташа конкурснық балды көрсете отырып, талапкерлер мен қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оның күнделікті жаңартылуын қамтамасыз етеді.

20. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға түсетін тұлғалар күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап кәсіптік диагностикадан (саулнама) өту және Конкурсқа қатысу үшін Білім басқармасының акпараттық жүйесіне тіркеледі.

21. Әңгімелесудің қорытындысы «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

Әңгімелесулерді өткізу кезеңінде аудио-бейнежазба жүргізіледі, ол Колледж үйімінің мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

22. Оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында Колледж басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері педагогтердің санынан құрылады. Хатшы апелляциялық комиссия мүшесі бола алмайды.

23. Конкурсқа қатысу үшін негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін, жалпы орта білімнен кейінгі күнтізбелік жылдың 20 тамызына дейін осы Қағидалардың 9-косымшасына сәйкес білім басқармасының акпараттық жүйесіне өтініш береді.

24. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген тұлғалардың өтініштері бойынша қабылдауды жүзеге асыратын Колледжге қабылданған талапкерлердің күнтізбелік жылдың 26 тамызына дейін мамандығын, біліктілігін көрсете отырып, білім басқармасының акпараттық жүйесіне тіркейді.

25. Конкурсты Білім басқармасы талапкерлердің білім туралы құжатқа сәйкес орташа конкурстық балына автоматты түрде бөлу арқылы және қабылдау квотасын ескере отырып орташа балы бойынша өткізіледі.

26. Талапкерлердің автоматты түрде бөлуді Білім басқармасы айқындаған акпараттық жүйесінде (білім беру платформасы) жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында Конкурс күнтізбелік жылдың 19-22 тамызы аралығында, жалпы орта білім беру күнтізбелік жылдың 22-25 тамызы аралығында өткізіледі.

28. Орташа конкурстық бал тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

29. Басқа елдің білім туралы құжаты бар адамдар үшін білім туралы құжатта осы Қағидаларға көрсетілген міндепті және бейінді пәндер болмаған кезде міндепті және бейінді пәндердің тізбесін акпараттық жүйенің жолдамасы бойынша Колледж қабылдау комиссиялары белгілейді.

30. Білім басқармасы негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында конкурс қорытындыларын ресми интернет - ресурстарда күнтізбелік жылдың 23 тамызында, жалпы орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 тамызында жариялайды, сондай-ақ талапкерлердің конкурстың қорытындылары туралы акпараттық жүйе арқылы хабардар етеді.

31. Конкурс қорытындысы бойынша талапкер осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес білім алушылар құрамына қабылдау үшін Колледж үйымына күжаттар топтамасын ұсынады. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау Колледж басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:

1) күндізгі оқу нысанына-күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін.

32. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына-күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін әнгімелесу нәтижелері бойынша.

33. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларды оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Қабылдау комиссиялары оқуға түсушілерді қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты білікті жұмысшы кадрларды даярлау – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін ақпараттық стенділерге немесе Колледж интернет – ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.